

СТРОИТЕЛЬСТВО ЛОКОМОТИВОСБОРОЧНОГО ЗАВОДА В ГОРОДЕ АТБАСАРЕ РЕАЛИЗУЕТСЯ В РАМКАХ ПОРУЧЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК. ЭТОТ КРУПНЫЙ ПРОЕКТ ДАСТ НОВЫЙ ИМПУЛЬС РАЗВИТИЮ НЕ ТОЛЬКО ОТРАСЛИ, НО И ВСЕМУ РЕГИОНУ, В ТОМ ЧИСЛЕ СОЗДАНИЕ НОВЫХ РАБОЧИХ МЕСТ. ГОРОД АТБАСАР ЯВЛЯЕТСЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ УЗЛОМ С БОЛЬШОЙ ИСТОРИЕЙ, ГДЕ ПРОЖИВАЮТ ДИНАСТИИ РАБОТНИКОВ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ.

Марат АХМЕТЖАНОВ,  
аким Акмолинской области



№71 (3001)  
20/08/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## МИНИСТР МАҢҒЫСТАУҒА КЕЛДІ

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Маңғыстауға іссапармен келді. Теңіз порттарын дамыту жоспарының іске асырылу барысымен танысқан ведомство басшысы жергілікті тұрғындармен де кездесті. Түбек жұртшылығы министрге Бейнеуге жаңа вокзал салу, Маңғыстау – Ақтөбе бағытындағы жолаушы вагондарын жаңарту сынды теміржол саласына қатысты сауалдарын жолдады.

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау

Ақтау, Құрық, Баутино теңіз порттары мен Саржа, Ерсай, Ақтау Солтүстік теңіз терминалдарының жұмысымен танысқан Марат Қарабаев Каспий теңізіндегі ірі көлік инфрақұрылымдарының қазіргі әлеуетінен де хабардар болды. Көлік министрлігінің хабарлауы бойынша, осы сапарда белгілі болғандай, бүгінде теңіз инфрақұрылымын дамыту аясында қосымша контейнерлік терминалдар салу, қайта тиеу техникасын жаңарту, логистиканы дамыту, кеңендік және әкімшілік рәсімдерді оңайлату, сондай-ақ ТХКБ және Солтүстік-Оңтүстік дәліздерін цифрландыру жұмыстары атқарылуда. Жалпы, осы жұмысты іске асыру қорығындағы бойынша 2030 жылға қарай қазақстандық порттардың өткізу қабілетін ағымдағы 21 млн тоннадан 30 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарланған.

Аталған жұмыстар ТХКБ-ны дамыту шеңберінде қабылданатын кешенді шаралардың бір бөлігі және осы маршрутқа жүктерді тасымалдау бойынша өсіп келе жатқан қажеттіліктерге қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өйткені бұл бағыт бойынша жүктерді тасымалдау көлемі уақыт өткен сайын артып жатыр. Мәселен осы жылдың өткен жеті айы ішінде 62 пайызға ұлғайып, 2,5 миллион тоннаны құраған. Былтырғы салыстырмалы мерзім ішінде бұл көрсеткіш 1,6 миллион тонна болған.

Министр сондай-ақ Баутино теңіз портының акваториясындағы кемелер қозғалысын басқару жүйесінің жұмысымен де танысты. Навигациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және теңізде авариялық жағдайлардың туындау қаупін алдын алатын бұл жүйе биылғы тамыз айында Құрық теңіз портының акваториясында іске қосылған. Келесі жылы Ақтау портына жоспарланған екен.



Бұл шараларды іске асыру СОЛАС-74 халықаралық конвенциясының талаптарына сәйкес Каспий теңізінің Қазақстандық секторында навигациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көрінеді. Одан бөлек қазіргі кезде Құрық

порты акваториясының түбін тереңдету жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Алдағы уақытта аталған аумақта теңіз түбі 1,5-2 метрге тереңдейді. Бұл жұмыстарға еуропалық компанияның арнайы техникасы жұмылдырылған. Мұндай

тереңдету жұмыстарын Ақтау портында да жүргізу межесі бар. Ал Бейнеуге вокзал салу мәселесіне келсек, бұл туралы Көлік министрлігінің телеграмдағы парақшасында хабарлауына, бұл жайт министрліктің қарастыру жоспарында.

## ОБЪЕДИНИТЬ УСИЛИЯ



Совместные шаги по развитию восточного направления коридора Север – Юг обсуждают Казахстан и Туркменистан. Вице-премьер Казахстана Серик Жумангарин и глава туркменского агентства транспорта Мамметхан Чакыев обсудили в Астане строительство железной дороги Тургунди – Герат и возможности увеличения грузопотока в Китай через этот маршрут.

Ранее туркменская сторона пригласила Казахстан к участию в строительстве линии. Известно, что у вас налажено качественное производство верхнего железнодорожного полотна. Есть и много других возможностей. Тургунди – Герат – это не только строительство железной дороги, но и дальнейшее развитие грузопотока, привлечение грузов по данному направлению. С участием казахстанской стороны мы можем в раз и увеличивать привлекательность этого коридора, – отметил Мамметхан Чакыев.

В свою очередь Серик Жумангарин поддержал идею объединения усилий в реализации проекта.

Кроме того, повестка двусторонней встречи включала вопросы оптимизации тарифов на перевозки по коридору Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран, а также по маршруту Север – Юг, где планируется создание единого логистического оператора.

Отметим, Казахстан и Туркменистан активно развивают восточное направление коридора Север – Юг, способствуя транзиту грузов в Пакистан и Индию. В настоящий момент грузопоток по коридору состоит из товаров в/из Азербайджана, Армении, Грузии и Ирана.

Пропускная способность восточного направления транспортного коридора Север – Юг через Казахстан составляет шесть миллионов тонн. К 2027 году ее планируют увеличить до 10 миллионов тонн, к 2030 году – до 20 миллионов тонн.

Любовь РОББА



Қайрат МҰҚАНОВ,  
«Қазкөліккасіп» ҚБ Орталық кеңесінің еңбек қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы:

КӘСПОДАҚ ӨКІЛІ РЕТІНДЕ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША АТТЕСТАТТАУ ОБЪЕКТІВТІ, САПАЛЫ ЖӘНЕ ҚР ЗАҢНАМАСЫ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАДЫМ. КОМИССИЯ ШАҚЫРҒАН ТӘУЕЛСІЗ ҰЙЫМНЫҢ ӨКІЛІ АРНАЙЫ ЖАБДЫҚПЕН ХИМИЯЛЫҚ, ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ФАКТОРЛАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ЖҮМЫСШЫНЫҢ ЕҢБЕК ПРОЦЕСІНІҢ ӨЛШЕМІН ЖҮРГІЗДІ. БҮЛ ЖҮМЫС БЕРУШІГЕ ДЕ, КӘСПОДАҚҚА ДА ЖҮМЫС ОРНЫНДА ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ТЕКСЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ  
бойынша Биыл

700 км

АСТАМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛІП,  
ЖОСПАР АСЫРА  
Орындалды.

СЕМЕЙ ЛОКОМОТИВ  
ПАЙДАЛАНУ ДЕПОСЫ  
БИЫЛ

110

ЖЫЛДЫҒЫН АТАП  
ӨТЕДІ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

1113

ЖҮК ВАГОНЫ  
ЖӨНДЕУДЕН ШЫҚТЫ.

## Сотрудничество

### К ЕДИНОМУ ЦИФРОВОМУ ПРОСТРАНСТВУ

Ключевые тренды в сфере внедрения и развития интеллектуальных транспортных систем на пространстве ЕАЭС обсудили в Москве.

Роман ЛЮБИМОВ,  
Астана

Министр по энергетике и инфраструктуре Евразийской экономической комиссии Арзыбек Кожошев посетил Центр компетенций интеллектуальных транспортных систем, где провел переговоры с руководством ассоциации «Цифровая эра транспорта». Он проинформировал о работе Комис-

сии по цифровизации на транспорте, а также значимой роли этого направления в формировании единого транспортного пространства и общего рынка транспортных услуг в ЕАЭС.

Объективная необходимость снизить время простоя транспортных средств, обеспечить повышение безопасности перевозок и автоматизацию управленческой деятельности стимулирует транспортные

компании стран евразийской «пятерки» к активному внедрению цифровых технологий, – сказал он.

По итогам встречи стороны договорились продолжить взаимодействие по вопросам цифровизации транспортной деятельности. Оно может касаться повышения квалификации сотрудников профильного блока ЕЭК и обмена опытом в сфере развития интеллектуальных транспортных систем.

## ВЗАИМОВЫГОДНОЕ ПАРТНЕРСТВО

В Алматинском отделении грузовых перевозок состоялась встреча с представителями Государственного комитета по развитию и реформам КНР, а также Управления зерна и материальных ресурсов СУАР.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

С приветственным словом выступил директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов, отметил важность встречи для укрепления двусторонних отношений и развития сотрудничества в области транспортных и логистических услуг.

– Мы высоко ценим вашу поддержку и стремление к совместной работе. Уверен, что наши усилия будут способствовать успешному развитию и укреплению связей между нашими странами, – отметил Нурым Жаниязов.

В ходе встречи стороны обсудили перспективы увеличения поставок и оптимизации логистических процессов для более эффективного и своевременного транспортирования зерна.

Так, за семь месяцев текущего года по двум международным стыкам Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос наблюдается динамичский рост грузооборота между странами. Общий оборот по двум стыкам составляет 18 344 975 тонн, увеличение – на 13% к прошлому году.

Согласованный план ОСЖД на 2024 год составляет 29 950 000 тонн. До конца года планируется перевезти 32 миллиона тонн. Грузооборот между станцией Достык и Алашанькоу при плане ОСЖД 9 813 000 тонн составил 10 631 623 тонны, что больше планового задания на 818 823 тонны.

С начала текущего года на станцию Алашанькоу сдан 271 поезд, или 653 856 тонн зерновыми грузами, из них: в контейнерах – 267 687 тонн, в зерновозах – 176 978, в крытых вагонах – 209 191. Увеличился объем зерновых грузов в крытых вагонах на 372%.

Грузооборот по стыку Алтынколь с начала года при плане 7 467 000 тонн фактическое выполнение составило 2023 года увеличение – на 575 389 тонн. Так, за семь месяцев текущего года сдано на станцию Достык 439 поездов, или 913 616 тонн с зерновыми грузами, в контейнерах – 744 788 тонн, в зерновозах – 2 838, в крытых вагонах – 165 990. В



2024 году увеличился объем зерновых грузов в контейнерах на 194%. Добавились объемы в крытых вагонах и в зерновозах.

На встрече директор департамента внешнеэкономических связей Государственного комитета по развитию и реформам КНР Ван Цзянь Цзюнь выразил благодарность за теплый прием и отметил важность сотрудничества между странами в области транспортных перевозок.

Также представители сторон обсудили вопрос развития инфраструктуры железных дорог Казахстана. Особое внимание было уделено проекту строительства вторых путей на участке Достык – Мойынты. На сегодняшний день уже построено свыше 463 километров второго пути.

Кроме того, была представлена информация о развитии станции Достык. В частности, о строительстве нового парка «Е» из четырех приемоотправочных путей по колее 1520 мм, о дополнительных

двух приемоотправочных путей по колее 1435 мм, реконструкции перегрузочных терминалов. Эффект от данного развития – это увеличение перегрузочной мощности станции от 1 000 000 до 1 900 000 ДФЭ в год.

На станции Алтынколь идет строительство нового экспортного парка «Б» по колее 1520 мм из шести путей. Реализация проекта позволит увеличить обмен поездов со станцией Хоргос по широкой колее с 10 до 20 пар в сутки. На 2025-2026 годы планируется строительство сортировочного парка по широкой колее из 12 путей и дополнительных четырех путей по узкой колее, что позволит увеличить обмен со станцией Хоргос по узкой колее с 20 до 40 пар поездов в сутки.

В рамках встречи также обсуждался проект строительства железнодорожной линии Бахты – Аягос – третьего пограничного перехода с КНР.

Фото автора

## ӨСІМ ТҰРАҚТЫ



«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ Қытай мен өзге елдер арасындағы Қазақстан арқылы өтетін жүктердің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып, Алтынкөл станциясы арқылы тасымал көлемінің тұрақты өсімін көрсетіп отыр.

Айталық, 2024 жылдың жеті айында Алтынкөл станциясы арқылы тасымал көлемі 7,7 млн тоннадан асып, өткен жыл деңгейінен 8% артық шыққан. Әсіресе жоғары динамиканы Қытайдан шыққан жүктер транзитінен көруге болады, ол былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 15%-ға артып, нәтижесінде 3,1 млн тоннаны құраған.

Осы арада ҚТЖ-ның еншілес ұйымы «KTZ Express» АҚ-ның ұсынылып отырған қызметтердің сапасын және логистикалық процестерді жақсарту бойынша үздіксіз жұмыстың арқасында жүктердің сенімді және уақыттылы жеткізілуіне кепілдік бере отырып, жүк ағындарының көлемін ұлғайтып отыр.

Жалпы Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржолмен жүк тасымалы жыл сайын өсуде. 2023 жылы елдер арасындағы тасымалдау көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 22 пайызға артып, 28,3 миллион тоннаны құрап, жаңа тарихи рекордты жаңартқан болатын. Биыл да өсу үрдісі жалғасуда. Бұл өсімді елімізден жөнелтілетін экспорттан да байқауға болады. Мәселен, жыл басынан бергі бес айда Қытай бағытына жүк тасымалдау 12,4%-ға өсіп, 12,8 млн тоннаны құраса, соның ішінде қазақстандық жүктің Қытайға экспорты 1 млн тоннаға артып, 5,7 млн тоннаны құраған. Жүктер Қазақстан – Қытай шекарасының Достык – Алашанькоу және Алтынкөл – Қорғас теміржол өткелдерінде өңделеді. Бұл екі өткелдің жалпы тасымалдау қуаты жылына 28 млн тоннаны құрап отыр.

Транзиттік жүк тасымалының ұлғаюын қамтамасыз ету, сервисі жақсарту және жүктерді жеткізу жылдамдығын арттыру мақсатында Ұлттық компания теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру бойынша жұмыс жүргізуде. Үш жыл ішінде 1,3 мың шақырым теміржол желісін салу жоспарлануда, бұл жүк тасымалын, әсіресе Қытай бағытында бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді.

Ислам ТАЛГАТ



## СУБСИДИЯ БЕРУ ТӘРТІБІ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Ұлан ОРАЗ,  
Астана



**Жолаушылар тасымалы компаниялары мен жеке тасымалдаушыларға субсидия беру тәртібі күшейтіледі. Бұл туралы ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінде сөз болды.**



Аталған комитет теміржол бағытында қызмет көрсететін компанияларға талапты күшейтпек. Жолаушыларға қызмет көрсету сапасы, пойыздардың жай-күйі мен тазалығы және талапқа сай стандарттық нормаларға байланысты субсидия беру мәселесін қарастыру жоспарға енгізілді.

Комитет өкілдері жолаушылар пойызына кезекті тексеру жұмыстарын жүргізді. Бұл жолғы нысан «Түркісіб-Астана» ЖШС қызмет көрсететін Қостанай – Алматы бағытындағы №43/44 әлеуметтік маңызы бар жолаушылар пойызын тексеру барысында 14 түрлі заң бұзушылықтар анықталды. Жолаушылар вагондарының ішкі және сыртқы келбетінің нормаларға сәйкес келмеуі, желдеткіш істен шыққан вагондардың қатынауы және санитарлық талаптарға сай келмеуі негізгі заң бұзушылықтар ретінде тіркелді.

Тексеріс жұмыстарының нәтижелері бойынша тиісті акт жасалып, тасымалдаушы компанияға 10 күнтізбелік күн ішінде тексеру нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтарды жою және олардың одан әрі орын алуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

Жолаушыларды тасымалдау қағидаларының талаптарын қатаң сақтау комитет назарында. Жауапты комитет қызметкерлері жолаушылар пойыздарына кесте бойынша тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік маңызы бар 110 жолаушы пойызы қатынайды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ШЕТПЕДЕ ЖАЛҒАСТЫ

Айсұлтан АРМАН,  
Маңғыстау



**Төрт түліктің темір жолға шығып кетіп, пойыздың астына түсуі – қай жағынан да қып-қызыл шығын. Шаруалар күнкөріс көзіне жаратар малынан айрылса, теміржол одан да көп шығынға ұшырап, арты қауіпті апатқа ұласуы да мүмкін.**



Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімі мен теміржолшылардың жол бойындағы кезекті рейдтің мақсаты – жергілікті халыққа қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, шығынмен қатар өкімшілік және материалдық жауапкершілікті ескерту болды.

Жергілікті желілік полиция бөлімінің инспекторлары теміржолшылармен бірлесіп теміржолға жақын орналасқан ауылдарды аралауға шықты. Мал ұстайтын шаруашылықтар мен жекеменшік иелерімен кездесіп, теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуы үшін қауіпсіздік ережелерін бұзбау, белгіленбеген жерлерден темір жол арқылы өтпеу жайын, темір жол бойында мал жаюдың тәртібі туралы кең көлемде түсінік жүргізді.

Кезекті халықпен кездесу Маңғыстау ауданына қарасты Шетте елді мекенінде жалғасты. Халық тығыз орналасқандықтан жергілікті халық төрт түлікті көп ұстайды. Сондықтан қауіп-қатер де көп. Тұрғындарды жинап, өкімшілік өкілдерін қатыстырған жиындар өтіп, ауыл жұрты малын бақташымен бағып, қайда жүргенін қадағалау жайы сөз болды.

– Маңғыстау ЖПБ қызмет көрсету аумағында біз – Маңғыстау Магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің инженері Е.Аманжолов, Маңғыстау жол дистанциясы техникалық бөлімінің жетекші жол инженері Е.Артықбаев, Маңғыстау жол дистанциясы бас инженері М.Көктеубаев, Маңғыстау жол дистанциясы 2-өндірістік телім жол шебері Д.Зейлов шетпеліктерге профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізуге арнайы бардық. Жұмыстарымыз оң нәтиже беріп, алдағы уақытта бірқатар кемшіліктердің жойылуына ықпал ететін жұмыстар қолға алынатын болады деп ойлаймыз. Кейде қарапайым кедергілердің салдарынан пойызға басылған малдың иесін анықтау қиынға соғып, іс ашырмай қалып жатады, сондықтан шетпеліктерге төрт түлігін сырғалауды ұсындық, – дейді Маңғыстау ЖПБ инспекторы А.Шақпақов.

Белгілі болғандай, аталған бөлімше аумағында жыл басынан бері жеті айда малдың жолға шығуынан отыздан астам шұғыл тежеу тіркеліпті. 15 адамға теміржол бойында мал жаю қағидаларын бұзғаны үшін өкімшілік хаттама толтырылған.

Суретті түсірген автор

## ТРАНЗИТТІҢ БОЛАШАҒЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



**Қазақстанда көлік саласының негізгі күші еліміз арқылы транзитті кеңейтуге бағытталған. Жақында «Магистраль» сарапшылар форумында сала мамандары осы тақырыпты талқылады.**

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Форумға қатысқан «KTZ Express» АҚ теміржол тасымалы департаментінің директоры Дария Қалиеваның айтуынша, соңғы 15 жылда Қазақстан транзиттік инфрақұрылымды дамытуда айтарлықтай серпінді жұмыстар жүргізіп отырып, Еуропа мен Азия арасындағы маңызды транзиттік тораптың біріне айналды. Қазақстан аумағы арқылы бүгінде 13 көлік дәлізі, соның ішінде 5 теміржол және 8 автомобиль дәлізі өтеді.

– Көлік-логистикалық кешенді дамыту үшін еліміздің транзиттік әлеуетіне 35 млрд доллар қаржы инвестиция салынған. 13 мың км-ден астам автожол жаңғыртылып, 2,5 мың км теміржол салынған. Бүгінгі таңда ТХКБ бағдары бойынша барлық қатысушы елдердің инфрақұрылымын жақсартудың бірқатар жобаларын жүзеге асыру жоспарлануда. Соның ішінде Ақтау порты контейнерлік хаб құрылысы, Қытай-Қазақстан шекара өткелінің жаңа нүктесінде құрғақ порт салу, сонымен қатар ТХКБ-ге жанама өтетін Қара теңізге апарар жолдағы елдердің транзиттік қуаттылығын ұлғайту және біріктіруге бағытталған жобалар



бар, – дейді Дария Қалиева.

Жиынға қатысушылар сонымен қатар Алтынкөл шекара станциясынан Поти мен Батуми порттарына бет аталатын контейнерлік шатл-пойыздардың іске қосылғанын тілге тиек етті. «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі ЕАЭО-дан Үндістан, Пәкістан және жақын Азия елдеріне жүк жеткізудің ең қысқа бағдары ретінде аталды. Спикердің айтуынша, Ресей, Түрікменстан, Иранмен бірге аталған бағдарды контейнерлік және вагондармен тасымалды жүзеге асыратын бағдар ретінде дамыту үшін бәсекеге қабілетті тарифтер әзірленген. Бүгінде бұл бағдар бойынша көмір, қара металл, минералдар мен астық тасымалданады.

«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағы теміржол көлігі мәселелері жөніндегі атқарушы директоры Мұрадым Құлтай осы «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің Қазақстан үшін маңызына

тоқталды. Дәліздің болашағы мен мүмкіндіктері зор екенін жеткізді.

– Бағдарды дамытудың объективті себептері бар. Әсіресе Каспийде мүмкіндіктер шектеулі. Бұл ретте Ресей теңіз арқылы бағдарды пайдаланып, Иранға жүк ағынын арттыруда. Түрікменстан, Ресей, Әзербайжан осы ағынды өңдеп үлгері алмай жатыр. Тағы бір мәселе ауа-райына байланысты туындайды, сол қолайсыздық осы ағын бойынша қозғалысты белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға мәжбүр етеді. Одан басқа маңызды фактор – су астын тереңдету жұмыстарын қысқа мерзімді жүргізу жұмыстары да теңіздегі тасымалды тоқтатуға әкеледі. Осының бәрі «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізін дамыту қажеттігін және оған неғұрлым көбірек клиент тарту керектігін көрсетеді, – дейді спикер.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ҚАУІПТІ АЙМАҚ ОШАҒЫНА АЙНАЛЫП ОТЫР...



**Шымкентте «Темір жолдағы қауіпсіздік. Рұқсат етілмеген жерден өтудің алдын алуға қатысты профилактикалық жұмыстар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Басқосуға жергілікті аймақ теміржолшыларынан бөлек, желілік полиция бөлімдерінің жетекшілері мен көлік прокуратурасының өкілдері қатысты.**

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,  
Шымкент

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалының бас инженері Илия Нұржанов жетекшілік еткен жиында теміржолда келеңсіз оқиғалардың алдын алу мен профилактикалық жұмыс жүргізудің жай-күйі талқыланды. Атап өтерлігі сол, Шымкент жол бөлімшесінде аталған бағытта жұмыс жүргізудің негізгі жоспары бекітілген. Соның аясында өңір теміржолшылары желілік ішкі істер бөлімінің өкілдерімен бірлесіп отырып, ай сайын теміржол маңындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында арнайы профилактикалық шаралар ұйымдастырып тұрады. Жиынға қатысушылар, жыл басынан бері 188 рейдтік тексеріс ұйымдастырылып, 92 құқық бұзу фактісі тіркелгенін атап өтті. Осы орайда құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп отырып, құқықбұзушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілген және



заңға сәйкес айыппұлдар салынған.

Сонымен қатар осы кезге дейін теміржолға жақын маңда орналасқан елді мекен тұрғындарымен 232 кездесу өткізілген. Оған қоса түрлі оқу орындарында 134 түсіндіру шарасы ұйымдастырылып, азаматтарға теміржолдан қауіпсіз өту ережелері туралы айтылған. Сол сияқты теміржол бойында телефонмен сөйлесіп немесе құлаққаппен жүру, қызық үшін селфиілетіп суретке түсу мен балаларға сол маңда ойнаудың қауіптілігі кеңінен түсіндірілген.

– Өкінішке орай, осындай ауқымды жұмыстар іске асырылып жатқанымен, көрсеткіш көңіл көншітерліктей емес. Тіркелген келеңсіздіктерді саралайтын болсақ, азаматтардың немісқұрайлығы мен қауіпті аймақтан өтуге салғырт қарауының соңы қайғылы жағдайға соқтыруда. Әсіресе кей азаматтардың спирттік ішімдік ішіп, рұқсат етілмеген жерлерден өтуге ұмтылуы өзекті мәселеге айналууда, – дейді Илия Бахрамулы.

Шымкенттік теміржолшылардың айтуынша, бүгінгі таңда

Шымкент, Қызылсай, Сарыағаш, Манкент, Бадам, Арыс, Дарбаза станциясы маңындағы темір жолға бөгде адамдардың шығып кету қаупі жиілеген көрінеді. Ал Састөбе, Бадам, Игілік, Монтайтас, Жылға, Темір және Қарақоңыр сынды станция аумақтарында қараусыз малдан келер қауіп-қатер сөйлімді тұр. Осының салдарынан темір жол қауіпті аймақ ошағына айналып отыр.

Санаулы күндерден соң кезекті оқу жылы басталатындықтан өңір теміржолшылары жол бойында қауіпсіздікті күшейту мақсатында белсенді жұмыс жүргізуге ден қойған. Станцияларда ұйымдастырылатын ай сайынғы комиссиялық байқау кезінде адамдар жиі өтетін тұстардағы дыбысзорайтқыш құрылғылардың қалыпты жұмыс істеуін тексеріп, мал өткізбейтін қоршаулар мен қауіпті аймақты ескертетін тақтайшалардың бар-жоғын қадағалауды қатаң түрде қолға алууда.

Суретті түсірген автор

## ЕҢ БІРІНШІ МІНДЕТ



**Қызылорда ЖТ бөлімшесіне қарасты станциялардың осалы жоқ. Қазалы, Шиелі, Жосалы, Сексеуіл... қай-қайсын алсаңыз да өндірістік жұмыс көрсеткіштерімен мақтана алады. Кей жағдайда көрсеткіштер шамамен екі есеге жуық деңгейде асыра орындалуда.**

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Бір ғана, Қызылорда станциясының теміржолшылары жыл басынан бергі жеті айда өндірістік жұмыс көрсеткіштерінің жоспарын 105,7-183,4 пайыз аралығында орындауға қол жеткізді.

Шілде айындағы нәтиже ең жоғары – 106,7-197,5 пайыз аралығында орындалды. Жеті айға бекітілген 1948 вагонға жүк тиеу межесін 3221 вагонға жеткізіп, жоспарды 165,4 пайызға, тиелген жүктердің салмағын 214 442 тоннаға жеткізіп, меже

183,4 пайызды құрады. Шілде айында 267 вагонға жүк тиеу жоспары 495 вагон немесе 33 344 тоннаға жетіп, жоспарды 197,5 пайызға жеткізді.

– Бұл көрсеткішке біз теміржол көлігінің қызметін пайдаланушылармен қоян-қолтық жұмыс нәтижесінде қол жеткізіп отырмыз. Жүк жөнелтушілер сұранысын тиісті деңгейде ұйымдастырып, қанағаттандыра білу – біз үшін ең бірінші міндет, – деді Қызылорда станциясының бастығы Қайрат Төрединов.

Станция теміржолшыларының бәрі де өздеріне бекітілген жұмыс жоспарын бес

саусақтарындай білетін кәсіби мамандар десек болады. Олардың қатарында станция кезекшісі Қайрат Сарманов пен парк кезекшілері Алтынбек Серікұлы бастаған пойыз құрастырушылар, маневр диспетчері Ғалым Әбіш пен тасымал құжаттарын өңдеу операторы Ерлан Жақыпов соңғы айдың үздіктері атаныпты.

Станциялықтар жеті айдағы көрсеткіш алдағы уақытта да жалғасын тауып, жылды табысты аяқтауға негіз болады деген сенімде. Оған барлық алғышарт бар, мүмкіндіктері де мол.

Суретті түсірген автор





## Охрана труда

### ВЫСОКАЯ ДИСЦИПЛИНА – ОСНОВА ПРОФИЛАКТИКИ

**В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) приступили к выполнению мероприятий в рамках двухмесячника «Укрепление трудовой дисциплины – основа профилактики производственного травматизма».**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Эти меры необходимы для предупреждения несчастных случаев и будут способствовать укреплению трудового порядка на производстве.

– Двухмесячник проводим с 15 августа по 11 октября текущего года, – рассказал начальник сектора производственной безопасности Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Канат Макашев. – Уже подготовили информативные аншлаги с основными тезисами, которые касаются безопасности. К примеру, что

«сигнал от руководителя работ об уходе с пути на безопасное расстояние при приближении поезда является обязательным», «электрический ток невидим и неслышим, но смертельно опасен для человека», «запрещается расширять фронт работ». Также в аншлаге есть напоминание, что каждый имеет право на остановку небезопасных работ.

В плане мероприятий, которые проводят в рамках двухмесячника, – работы с персоналом и техническим блоком. В частности, это внеплановые инструктажи и технические занятия по повторному изучению телеграфного указания

главного инженера – директора департамента технической политики АО «КТЖ» Рамазана Садыркулова о двухмесячнике, правил и инструкций, которые нарушили пострадавшие работники железной дороги в 2023-2024 годах. Первозимники ТЧЭ-22 на внеплановых технических занятиях будут знакомиться с безопасными методами работы, изучать местные инструкции и регламентирующие документы по охране труда. Для тех, кто работает в зоне повышенной опасности, на практических занятиях организуют показ безопасных приемов труда. Так-

же будут внезапные проверки по соблюдению работниками Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо правил техники безопасности, усиление контроля над четким выполнением технологических процессов, трудовой дисциплины работников во время их нахождения в командировках, наличии спецодежды, спецобуви и средств индивидуальной защиты. В рамках двухмесячника запланирована активизация работы трудовых инспекторов.

Как отмечается в факсграмме за подписью Рамазана Садыркулова, с начала 2024 года по сети АО «КТЖ» из-за травм погибли 11 работников. Остались сиротами 25 несовершеннолетних детей. Причинами несчастных случаев стали нарушение технологии работ, требований системы «Человек на пути», игнорирование запрета езды на личном автотранспорте, действия работников не в интересах работодателя.

## ЕСЛИ ЭТАЛОН, ТО ВО ВСЕМ



ОСМОТР

**На станции Кокшетау-1 прошел показательный комиссионный месячный осмотр, в котором участвовали начальники станций, их заместители и ведущие инженеры Акмолинского отделения ГП.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Кокшетау

Обучение прошло под председательством первого заместителя директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сагдата Жексенби.

По его словам, развитие профессиональных навыков участников осмотра вносит значительный вклад в обеспечение безопасности движения.

– Это не только обучающее, но и командообразующее мероприятие. Ведь данное обучение

направлено на проверку и повышение уровня знаний, выполнение заданных показателей работы станции, – отметил Сагдат Жексенби.

Первым этапом обучения стало ознакомление с правилами организации и проведения комиссионного месячного осмотра железнодорожной станции. В частности, участники обучения узнали, как правильно оформлять результаты КМО, какое время выделяется для

устранения выявленных неисправностей и как осуществлять контроль за данной работой. Также в учебном кабинете слушатели изучили основные аспекты инструкции по разработке технико-распорядительного акта станции, который регламентирует обеспечение безопасности движения в местных условиях.

Затем они отправились «в поле» узнать, как та или иная неисправность выглядит, как передается информация о ней, как быстро нужно ее устранить.



Так, на стрелочном переводе участники мероприятия обращали внимание на те места, где выявляется наибольшее количество несоответствий, – остряки, крестовины, рамные рельсы, стыки. Теорию закрепили практикой: с помощью измерительных приборов провели промеры стрелочного перевода и соотнесли результаты с допустимыми.

По итогам обучения Сагдат Жексенби отметил

улучшение качества работы станций, и во многом этого удается добиться благодаря подобным обучающим мероприятиям. Ведь здесь начальники станций, которые работают в должности первый год, могут обсудить волнующие их темы и получить ответ на вопрос, как грамотно проводить комиссионный осмотр у более опытных руководителей.

Фото автора

## ПЕРВОСТЕПЕННАЯ ЗАДАЧА



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Отдел пути Алматинского отделения магистральной сети играет незаменимую роль в обеспечении стабильной работы всей железнодорожной сети, гарантируя безопасное движение поездов и бесперебойное функционирование транспортной инфраструктуры.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Сотрудники отдела пути выполняют комплекс работ, включающий регулярное обследование путей, выявление и устранение дефектов рельсов, шпал и других элементов путейой инфраструктуры. Под их непосредственным контролем – текущий и капитальный ремонт путей, геометрические параметры, а также обеспечение качественной укладки новых рельсов и шпал. Средняя балльная оценка по хозяйству пути за семь месяцев текущего года составила 52 балла, при этом план балльной оценки – 57 баллов, план выполнен на 110%.

С начала года проведена работа по выправке пути с применением комплекса путевых машин «Дуомат» на 83-м километре, машинной Unimat выправлено 43 стрелочных перевода, машиной ПРБ отработано 26,9 километра, ПРСМ сварен 371 стык, машиной МКТ снято 8 520 кубических метров грязи, РШП Atlas отшлифовано 117 километров.

Начальник отдела пути Руслан Нурболат отметил важность в использовании и внедрении путевых машин тяжелого типа и автоматизацию ручного труда, что значительно повышает эффективность и безопасность проведения ремонтных и обслуживающих работ.

Так, при проведении капитального ремонта пути повышены скорости на 30 километров, пла-



нируется повышение скорости движения с 50-80 до 90-120 километров в час на 25-м километре, что в результате положительно повлияет на суточную скорость движения поездов.

– Наша первостепенная задача – бесперебойное движение поездов и безопасность на путях, – говорит Руслан Нурболат.

За семь месяцев текущего года при годовом плане 61 по отделению уложено 43 новых стрелочных комплекса на железобетонном основании. В текущем году запланировано строительство ограждения от выхода скота на железнодорожный путь в объеме 88,5 километра, на данный момент построено 21,5.

Также запланирован ремонт ограждения от выхода скота на железнодорожный путь в объеме 1 403 километра, уже на сегодняшний день выполнение составило 385,9.

В отделении магистральной

сети эксплуатируется 1 137 пар плетей, в том числе по главным путям – 1 060, по станционным путям – 77. Протяженность бесстыкового пути составляет 1 645,374 километра. На главных путях – 1 586,478, на станционных путях – 58,896. Капитальный ремонт пути в 2024 году не запланирован. Сплошная смена рельсовых опор (ШС) с привлечением техники ПЧМ выполнена в объеме 7,3 километра, или на 100%.

Важным аспектом работы отдела пути является внедрение современных технологий и использование специального оборудования, что позволяет значительно повысить эффективность ремонта и обслуживания путей. Благодаря слаженной работе сотрудников отдела пути в пяти дистанциях пути отделения магистральной сети поддерживается высокий уровень безопасности и надежности

железнодорожного сообщения.

Проблема наездов на людей и скот остается тревожной и требует особого внимания. Несмотря на принимаемые меры безопасности, такие инциденты продолжают происходить, создавая угрозу жизни людей и приводя к значительным убыткам. Дистанциями пути проведено 16 собраний с жителями, 139 совместных рейдов, размещено 12 публикаций в СМИ.

По недопущению наездов на скот регулярно проводится профилактическая работа с населением по разъяснению правил выпаса вблизи железной дороги и прогона скота через железнодорожные пути, проведено 43 собрания с участием 661 человека, вручено 2 808 выписок, с правилами выпаса ознакомлены 3 494 владельца скота, 77 писем направлены в местные акиматы.


Проводится и ряд мероприятий, направленных на предотвращение столкновений на железнодорожных переездах, регулярно проводятся осмотры и техническое обслуживание переездов, состояние рельсов, дорожного покрытия, а также исправности сигнализации и шлагбаумов. Благодаря этим мероприятиям снижается риск столкновений на переездах, обеспечивая безопасность всех участников движения. С начала года проведено 44 рейда, выявлено пять нарушений на участках Достыкской и Алматинской дистанций пути, проведены собрания с участием 4 235 человек.

Стоит отметить, что отдел пути работает как единое целое, эффективно выполняя свои задачи. Каждый сотрудник понимает свою роль и вносит значимый вклад в общий успех. А взаимодействие и поддержка внутри коллектива позволяют решать сложные задачи и обеспечивать высокий уровень безопасности и надежности путей.

Фото автора

## РАБОТЫ СТАРТОВАЛИ

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар



ИНФРАСТРУКТУРА

**В здании Екибастузского железнодорожного вокзала начался ремонт, который, по плану, должен завершиться в феврале следующего года.**

По информации областного управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог, капитальная реконструкция проводится за счет спонсорских средств медедобывающей компании KAZ Minerals. Общая сумма ремонта составила 960 миллионов тенге, заключен договор с подрядной организацией «Павлодар Рем Комплекс». В проектно-сметную документацию включены работы по ремонту фасада здания, входных групп с козырьками и парапетной частью, внутренних инженерных сетей, замене оконных и дверных проемов, перепланировке и переоборудованию помещений. Внутри вокзала оборудуют детскую зону, фудкорт, зоны ожидания и обслуживания граждан, установят пандус для маломобильных групп.

Вместе с тем предусмотрено приведение в соответствие инфраструктуры для беспрепятственного доступа пассажиров с ограниченными возможностями.

Срок завершения реконструкции здания железнодорожного вокзала по плану – февраль 2025 года.

## ТРАНСПОРТ В ЦИФРАХ

**Любовь РОВБА,**  
Астана



ИТОГИ

**За семь месяцев 2024 года всеми видами транспорта в Казахстане перевезено 589,9 миллиона тонн грузов, что на 5,8% больше аналогичного показателя прошлого года.**

Грузооборот за январь – июль составил 289,4 миллиарда тонно-километров. При этом на долю железнодорожного транспорта пришлось 181,7 миллиарда тонно-километров. В целом по железной дороге за этот период перевезено 232,8 миллиона тонн грузов. Перевозки пассажиров в поездах выросли на 6,3% – до 12,3 миллиона человек. Пассажирооборот составил 9,5 миллиарда пассажиро-километров, что на 0,9% превышает аналогичный показатель прошлого года.

Более чем в два раза увеличились перевозки морским и прибрежным транспортом – за семь месяцев перевезено 1,6 миллиона тонн грузов, на столько же – в 2,1 раза – вырос и грузооборот, он составил 966 миллионов тонно-километров.

## МАЛЕНЬКАЯ, ДА УДАЛЕНЬКАЯ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

**Станция Аршалы Карагандинского региона с каждым годом становится более значимой и привлекательной в плане грузовых перевозок. На сегодняшний день здесь заменены два стрелочных перевода и проведены «окна» по оздоровлению двух километров второго пути с применением машин тяжелого типа РМ.**

По словам начальника станции Аршалы Андрея Кузнечикова, большую лепту в перспективность станции внесли опытные работники, вышедшие на заслуженный отдых. Благодаря их наставлениям и терпению сегодня молодые железнодорожники показывают отличные результаты.

– На сегодняшний день в штате станции трудятся 23 человека, среди них дежурные по станции, приемосдатчики по грузовой работе и по движению. Основная работа – погрузочная и выгрузочная. Выполнение плана составляет 100%. Ранее на станции осуществлялась погрузка шпал, щебня, хоппердозаторов, которые отправлялись на социально значимый объект, связанный со строительством железной дороги Жезказган – Бейнеу. При этом подача вагонов осуществлялась своевременно. Через Аршалы проходят в основном электропоезда, которые направляются в Астану.

Сегодня на узле расположено девять рабочих подъездных путей, благодаря которым население поселка обеспечивается коммунально-бытовым грузом, то есть углем, а также нефтепродуктами, применяемыми в автомобильном транспорте, – бензином, дизельным топливом, различными видами горюче-смазочного материала.

Несмотря на то что половина домов Аршалы отапливается газом, по-прежнему актуальным остается поставка угля, и с этим сейчас все в порядке. Люди заблаговременно готовятся к зиме и закупаются каражарским, шубаркульским и майкубенским углем.

Запасы Вишневого месторождения гранитов используются в качестве сырья для изготовления путевого щебня, для дорожных бетонов, щебня для строительных работ и добычи бутового камня.

Готовая продукция складывается на открытых складах посредством системы ленточных конвейеров и перевозок готовой продукции, а затем отгружается потребителям, в так называемые хопперы и полувагоны. После чего транспортируется по железнодорожным путям предприятия до станции примыкания Вишневка Карагандинского отделения перевозок АО «КТЖ».

– Всего в поселке Аршалы проживают около семи тысяч человек. В районе имеются три школы и поликлиника. Все люди знают друг друга в лицо, – продолжает разговор Андрей Кузнечиков. – Станция хоть и небольшая, но перспективная, и впереди у нее большое будущее.

Фото автора





№71 (3001) 20/08/2024

## НЕСЕТ СВОЮ ВАХТУ МУЗЕЙНЫЙ ХРАНИТЕЛЬ...

**Почетный железнодорожник, ветеран труда, первоцелинник, труженик тыла, Почетный гражданин города Уральска – это все о хранителе истории музея железнодорожников Западно-Казахстанской области Михаиле Надточем. В эти дни он отмечает 90-летие.**



реvisора отделения дороги по безопасности движения поездов (замНОД-УРБ).

Его труд отмечен медалями: «За освоение целинных земель», «За трудовую доблесть», знаком «Почетный железнодорожник». Уральск стал главным городом в его жизни, в котором он прожил ровно полвека. Здесь выросли четверо его детей. И музей железнодорожников, основанный в год 100-летия самой первой железной дороги на территории Казахстана в 1994 году, тоже стал его любимым детищем.

Без малого 70 лет Михаил Тихонович прослужил стальной магистралью! Полвека из них – в Уральске, в том числе 30 лет он является бессменным музейным хранителем и добросовестно несет свою вахту памяти. Его биография тесно связана с железной дорогой. Он родился 20 августа 1934 года на станции Атбасар Акмолинской области в семье потомственных железнодорожников и сам трудовую деятельность начал в 1954 году после окончания Акмолинского железнодорожного техникума. Был Сталинским стипендиатом и «Ударником сталинского призыва», прошел все ступени карьерной лестницы от дежурного по разъезду и маневрового диспетчера на станции Атбасар до начальника станций Жаксы, Есиль, Ковыльная, Кушмурун, заместителя начальника Уральского отделения железной дороги – главного

железнодорожного участка, на станциях и предприятиях собирал экспонаты и заразил своим энтузиазмом всех сотрудников железной дороги региона. Его стараниями музей железнодорожников стал настоящей жемчужиной не только среди отраслевых музеев, но и малых музеев Приуралья.

Все 30 лет он на добровольных началах проводит экскурсии по музею, разработал множество тематических лекций, которые читает сам, посетил все школы города с лекциями об истории железной дороги. Ежегодно музей посещают до 1 500 человек, а за 30 лет существования музея в нем побывали более 45 тысяч человек. Кроме того, Михаил Надточий 20 лет возглавлял ветеранскую организацию отделения дороги и 10 лет был членом президиума городского совета ветеранов.

За активную общественную деятельность в деле патриотического воспитания молодежи департаментом по ЧС ЗКО ему вручена медаль «Патриот Казахстана», в прошлом году присвоено звание Почетного гражданина города Уральска, а в юбилейный 2024 год Михаил Тихонович награжден нагрудным знаком «КТЖ» УК» АҚ дамуына қосқан ерекше үлесі үшін».

Яна МАРЫНА, Уральск  
Фото автора

## ТЕМІРЖОЛШЫ ОТБАСЫНДА – ҮШЕМ

**Қандыағаш вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Әділхан Қалжанов пен келіншегі Гүлсая үшемдердің ата-анасы атанды. Осыған дейін үш ұл, бір қыз – төрт бала өсіріп отырған отбасы Хамза, Ибраһим, Ахмад есімді батырлармен толықты.**



Үшемдер 7 тамыз күні Ақтөбедегі перинаталдық орталықта үшемдер өмірге келді. 2100 гр, 2400 гр, 2500 гр болып туылған нәрестелердің жағдайы жақсы. Теміржолшы жігіт өткен апта үш ұлын перзентханадан шығарып алды.

«Иә, қуанышымызда шек жоқ. Үлкендерім де маз. «Бала – бақыт» деген, бізбен бірге қуанып, құттықтап жатқан барлық қазақстандықтарға алғысымыз шексіз», – деді теміржолшы жігіт.

Әділхан теміржол саласында төрт жылдан бері еңбек етеді. Өзі сол жүрген Қандыағаш станциясы-

ның тумасы. Анасы да теміржолшы болыпты, Қандыағаштағы ШЧ мекемесінде 25 жыл еңбек еткен.

Теміржолшының жұбайымен де тілдесуге тырыстық. «Менің әкем мен анам жағынан да егіздер бар. Бірақ үшем болған жоқ. Қуанып жатырмыз. Алты апталығында үшем екенін білдік. Мен өзім үйде екі қыз болып өстім. Көпбалалы болуды армандадым. Шүкір, міне алты ұл, бір қызым бар. Жолдасым да балажан», – деп қуанышымен бөлісті көпбалалы келіншек Гүлсая Қалжанова.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе  
Суреттерді түсірген автор

## ПОД ЗВУКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

**К 175-летию великого казахского поэта, просветителя, основоположника казахской письменной литературы Абая Кунанбаева в Карагандинском отделении магистральной сети прошел челлендж, в котором приняли участие работники железнодорожных структур.**



впечатление, именно этим сумел покорить молодой железнодорожник своих коллег. Со слов Әділжана Бауыржанұлы, великий мыслитель считал молодежь будущим своего

Самым ярким и запоминающимся участником стал специалист в области информационных технологий ПЧ-24 Әділжан Бауыржанұлы. Помимо цитирования наизусть стихов Абая он прекрасно владеет игрой на старинном струнном смычковом инструменте – кобызе. Слияние стихов Абая со звуками Великой степи производят сильное

народа и на нее возлагал большие надежды.

– В стихах Абая присутствуют мудрость, любовь к труду, упорство в получении знаний и изучении науки, самоотверженная борьба за интересы народа. Я всегда интересуюсь его произведениями, но, пожалуй, самое знаменитое из них – это «Қара сөз». Оно состоит из 45 кратких притч. В них автор поднимает много проблем, связанных с историей, педагогикой и этническими правами казахов. Для нас великий Абай – учитель, наставник и просветитель, – подчеркнул Әділжан Бауыржанұлы.

В рамках 175-летнего юбилея Абая в Казахстане прошли масштабные мероприятия на государственном и международном уровнях. Стихами поэта увлечены и работники Карагандинского отделения магистральной сети. Челлендж активно подхватили работники других регионов страны.

Светлана МОГАЙ, Караганда  
Фото автора

## Спорт

### АЯГӨЗДЕ ДҮБІРЛІ ЖАРЫС ӨТТІ



**Ел шығысындағы Семей мен Өскеменнен кейінгі ең үлкен теміржол торабы саналатын Аягөз станциясының теміржолшылары да бос уақыттарын тиімді өткізуді жақсы біледі. Мұндағы сала қызметкерлері арасында кейінгі уақытта футбол, баскетболмен қатар, ұлттық ойын түрлері де жақсы дамып келеді.**



қой спортшылар. Сондықтан ойын мейлінше тартысты өрбіді. Бұрындары бір командада ойнағандар ендігі аралықта бір-біріне қарсылас еді.

Кездесулер барысында шилелісті сәттер көп болды. Алғашқы кездесулерде жолшылар командасы қарқынды ойын көрсеткенімен, соңғы мезетте

жеңісті ұстан шығарып алды. Әйтсе де, барын салған жолшы жігіттер «үздік қақпашы» мен «үздік қорғаушы» атағын иеленді.

Ал жүлделі 1-орынды вагон жөндеу депосының командасы иеленді. Екінші орынға Аягөз локомотив пайдалану депосының машинистері лайық болып шықты. Үшінші орынға ШЧ-30 мекемесінің жігіттері жайғасты.

Сонымен қатар шағын футболмен қатарлас өткізілген арқан тартыс сайысында да жұрт күткен нәтиже орын алған жоқ. Бұл жолы да жолшылар қауымы есе жіберіп алды. Нәтижесінде бірінші орынды ТЧЭ-25, екінші орынды ШЧ-30, ал жүлделі үшінші орынды әскерлендірілген күзет қызметі иеленді.

Барлық жеңімпаздар мақтау қағаздарымен, арнайы кубоктармен марапатталды.

Абай ЕРТИС, Семей  
Суретті түсірген автор

## БОЛЬШИЕ ПЛЮСЫ

**На станции Актогай прошли соревнования по волейболу. В первенстве приняли участие шесть команд, представляющих различные структурные подразделения.**



первое место. Игроки выполняли мощные подачи, точные блоки и невероятные спасения мяча на грани падения. Особенно запомнились минуты, когда игра шла при равном счете, и каждая ошибка могла решить исход игры. В такие моменты напря-

жение в воздухе было буквально осязаемым. Однако команды не сдавались и боролись до последнего, показывая не только спортивное мастерство, но и силу духа. А финальные минуты матчей стали кульминацией соревнования, где в технике летающего мяча отличились спортсмены Достыкского эксплуатационного вагонного депо, заняв вторую позицию. На третьем месте – спортсмены Актогайской дистанции сигнализации и связи.

Соревнования прошли на высоком уровне, подарив участникам заряд энергии и позитивные эмоции. Победители награждены памятными призами, кубками, а каждый участник получил свою порцию аплодисментов и уважение за упорство и волю к победе.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Актогай  
Фото автора

**Биыл «Еңбек қорғау және өндірісте технологиялық процестерді сақтау» жылы болып жариялануына орай темір жол саласында әр түрлі шаралар өтіп жатыр. Соның бірі жер-жерде «Өзіңді сақта» атты балалар арасында сурет салудан байқау өтіп жатыр.**

Атырау магистральдық желі бөлімшесінде өткен сайысқа ШЧ, ЭЧ, ПЧ мекемелері қызметкерлерінің 4-12 жас аралығындағы балалары қатысты. Сурет салуды жақсы көретін бүлдіршіндер аз емес екен, десек те қазылар алқасы ШЧ-9 Ақжайық атынан қатысқан Ақбөбек Думанқызының сәтті шыққан шығармасын 1-орынға лайық деп таныды. Ал екінші орынды Тұрлан Нурикамал жеңіп алса (ШЧ-8 Атырау), 3-ші орынды Нұрбергенұлы Нұрислам

(ШЧ-9 Ақжайық) иеленді. Балалар өз суреттерінде теміржолға қатысты өз ой-қиялдарын бояумен қағазға түсіріп, қауіпсіздік пен сақтық шараларын бейнелеуге тырысқан.

Жеңімпаздарды бөлімше басшысының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденов арнайы диплом және сыйлықпен марапаттап, оларға шығармашылық табыс, оқуда озат болуды тіледі.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау  
Суретті түсірген автор

**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелерде еңбек ететін теміржолшылардың балалары арасында болған байқау да мазмұнды өтті.**



Кәсіподақ ұйымының демеушілігімен, өндірістік еңбек қауіпсіздігі және экология бөлімінің ұйымдастыруымен өткен сайысқа Түркістан мен Сексеуіл станциялары арасынан келген балалар қатысты.

– Сурет салу жарысына қатысқан 17 бала да теміржолшылар отбасында өсіп жатқандықтан бұл сала оларға жақсы таныс екені аян. Сонымен қатар байқаудың басты тақырыбы қауіпсіздік те оларға таңсық емес, жол бойында, станция-бекеттерде тұратын теміржолшылардың балалары ғой. Сондықтан балалардың салған суреті бағалауға лайық деп 17 баланың бәріне бірдей естелік сыйлық бердік, – деді

кәсіподақ ұйымының төрайымы Салтанат Махмұтова.

Десе де, жарыстың аты жарыс, қауіпсіздік тақырыбын ақ қағазға мағыналы да мазмұнды бейнелеген 6 балаға арнайы жүлделі сыйлықтар берілген. Олар – жол дистанцияларында еңбек ететін жол жөндеушілердің балалары Ислам Саматұлы, Нұрлан Берікболқызы, Нұрдәулет Ақынбек, Рамазан Саматұлы, Қызылорда вокзалының кезекшісі мен Арал теңізі вокзалы дикторының балалары Димаш Даниярұлы мен Мөлдір Нұржанқызы.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда  
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20  
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы  
Ерболат Тілеуберенов,  
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.